

Л.М. Аллахвердиева¹, А.Б. Тасмаганбетов², Г.Т. Кунуркульжаева², Ж.Ж. Байшукурова²

¹Мәскеу мемлекеттік гуманитарлық-экономикалық университеті, Ресей;
²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: aslandelo@mail.ru)

Қазіргі уақыттағы қосылған құн салығын алудың өзекті мәселелері

Мақалада қосылған құн салығының Қазақстан Республикасының салық саясатын жүргізудегі рөлі ерекше қарастырылған. Авторлар қосылған құн салығын сатудан түсетін салыққа ауыстыру бойынша пікірталас болып жатқан сұрақтарға сипаттама берген. Мақалада өздерінің салық жүйелеріне қосылған құн салығын алғашында енгізген және одан кейін бұл салықты пайдаланудан бастартқан мемлекеттердің тізімі келтірілген. Қазақстан Республикасында 1992–2018 жж. аралығында қолданылып келген қосылған құн салығы мөлшерлемелерінің өзгеру тарихы жүйелі түрде талданған. Авторлар халықаралық әкімшілік тәжірибесінде пайдаланылып отырған қосылған құн салығының ынталандырушы және әлеуметтік қызметтерін зерттеген. Мақалада Қазақстан Республикасында қазіргі кезде қолданылатын қосылған құн салығын есептеу механизмі мен төлеу тәртіптері қарастырылған. Жанама салықтардың, оның ішінде қосылған құн салығының бюджет кірістерін құрудағы рөлін бағалау үшін, осы салықтардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне түсуі ерекше талданған. Авторлар әлемдік тәжірибеде жанама салықтардың арасында кең таралатын және қолданылатын екі салықты баса атап өткен: қосылған құн салығы мен сатудан түсетін салық. Мақалада қосылған құн салығының, сатудан түсетін салыққа қарағанда, оң сипаттамасы анықталған.

Кілт сөздер: жанама салық, қосылған құн салығы, сатудан түсетін салық, салық мөлшерлемесі, салық нысаны, мемлекеттік бюджет, үлес салмағы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2015 жылдың 30 қарашасында «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында қосылған құн салығына ерекше назар аударды: «Бізге мемлекеттік кірістер мен шығыстардың бүкіл жүйесін қайта қарау қажет. Ең алдымен, бюджеттің кіріс базасын ұлғайту керек. 2017 ж. қазіргі ҚҚС-тің орнына сатудан түсетін салықты енгізу қажет» [1].

Осыған байланысты, үкіметтің, сарапшылардың және кәсіпкерлердің қатысуымен қосылған құн салығын реформалауға байланыста талқылаулар болды. Талқылаулар барысында салықты ауыстырудың екі нұсқасы ұсынылды [2–4]: бірінші нұсқа айналымнан алынатын салыққа ұқсас (салық базасы – түсім, салық мөлшерлемесі – 5%), екінші нұсқа бойынша бөлшек сауда салығы енгізіледі (салық базасы – түсім, салық мөлшерлемесі – 12%).

Қазіргі уақытта Қазақстанда қолданылатын қосылған құн салығы (ҚҚС) жанама салық болып табылады, яғни салық тауардың / қызметтің үстеме бағасынан немесе қосымша маржадан есептеледі. ҚҚС Қазақстанда 1992 ж. енгізілді және әдетте тұтынушылық салық салудың прогрессивті әдісі болып саналады. Айналымнан алынатын салықты алмастырған ҚҚС әлемнің 160-тан астам елінде қолданылады.

Осыған қарамастан, алғашында салық жүйесіне ҚҚС енгізіп, кейіннен бастартқан елдердің тізіміне мыналар жатады [5, 6]: Вьетнам (1970 ж.), Гренада (1986 ж. енгізді және бастартты), Гана (1995 ж. енгізілді және салық жүйесінен алынды), Мальта (1995 ж. енгізді, 1997 ж. алып тасталды), Белиз (1996 ж. енгізді, 1999 ж. бастартты).

Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын 1992 ж. 1 қаңтардан бастап енгізу барысында салық мөлшерлемесі 28% құрады. Бұл мөлшерлеменің бағамы 1991 ж. ҚҚС енгізу барысында сатудан түсетін салық пен айналымнан алынатын салықтан түсетін бюджет кірістерін қолдау қажеттілігі негізінде есептелген. Салық базасы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді, оның ішінде өндірістегі шығындарға жатпайтын, кәсіпорындардың ішінде сатылатын тауарлардың көлемі бойынша анықталды. Өнеркәсіпте бюджетке аударымдар тапсырыс берушілерден алынатын салық сомасы мен құндылығы өндіріс құнына жатқызылатын материалдық ресурстар, отын, жұмыс және қызмет жеткізушілеріне төленген салық сомасы мен заңның алғашқы нұсқасы бойынша төленетін салық мөлшері арасындағы айырма алынды, тек негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді жеткізушілерге төленген бюджет салығы ескерілмеді.

Қосылған құн салығының мөлшерлемесі көптеген өзгерістерге ұшырады. 1992–2018 жж. аралығындағы салық мөлшерлемесінің өзгерісін қарастырайық (1-кесте).

**1992–2018 жж. аралығындағы Қазақстан Республикасындағы
қосылған құн салығының мөлшерлемелері**

Мерзімі	ҚҚС мөлшерлемесі, %	Негізі
1 қаңтар 1992 ж. және 1 шілде 1995 ж. аралығында	28,20, 16,67, 13,10	«Қосылған құн салығы» туралы Қазақстан Республикасының (ҚР) Заңы, 24 желтоқсан 1991 ж., № 1041-ХІІ «Қазақстан Республикасының салық жүйесі» туралы ҚР Заңы, 25 желтоқсан 1991 ж., № 1072-ХІІ
1 шілде 1995 ж. және 1 шілде 2001 ж. аралығында	20, 10, 0	«Салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер» туралы ҚР Заңы, 24.04.1995 ж. № 2235 «ҚҚС есептеу және төлеу тәртібі» туралы № 37 нұсқау, 26.06.1995 ж.
1 шілде 2001 ж. және 1 қаңтар 2004 ж. аралығында	16,0	«Салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер» туралы ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңы, 03.05.2001 ж. № 183-ІІ
1 қаңтар 2004 ж. және 1 қаңтар 2007 ж. аралығында	15,0	ҚР Салық кодексі, 12 маусым 2001 ж.
1 қаңтар 2007 ж. және 1 қаңтар 2008 ж. аралығында	14,0	«Салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер» туралы ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңы, 07.07.2006 ж. № 177-ІІІ
1 қаңтар 2008 ж. және 1 қаңтар 2009 ж. аралығында	13,0	«Салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер» туралы ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңы, 07.07.2006 ж. № 177-ІІІ
1 қаңтар 2009 ж. және 1 қаңтар 2018 ж. аралығында	12,0	ҚР Салық кодексі, 10 желтоқсан 2008 ж.
2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап	12,0	ҚР Салық кодексі, 25 желтоқсан 2017 ж.

Дереккөзі: Авторлармен [7–9] негізінде әзірленген.

«Қосылған құн салығы» туралы Қазақстан Республикасының (ҚР) Заңына (24 желтоқсан 1991 ж., № 1041-ХІІ) сәйкес ҚҚС сатудан түсетін салық пен айналым алынатын салықты алмастырды және «Қазақстан Республикасының салық жүйесі» туралы ҚР Заңына (25 желтоқсан 1991 ж., №1072-ХІІ) орай ҚҚС салық жүйесінің жалпы мемлекеттік салық түріне жатқызылды.

Қазақстан Республикасының аумағында 1 қаңтар 1992 ж. мен 1 шілде 1995 ж. аралығында ҚҚС мынадай мөлшерлемелері болды:

- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мүшелері-мемлекеттері аумағында – 28 %;
- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мүшелері-мемлекеттеріне өнімдер мен қызметтерді өткізу мөлшерлемесі – 20 %;
- үстеме баға, сыйақылар мен алымдар түрінде алынған табыстар – 16,67 %;
- үшінші санаттағы қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін – 13 %;
- Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті бекіткен тізім бойынша, Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін бірінші қажеттілік өнімдері үшін – 10 %.

Бөлшек сауда кәсіпорындары салықты, оның ішінде қосылған құн салығын өткізу бағасы мен тауарларды тасымалдаушылардан сатып алу бағасы арасындағы айырмадан төледі. Қосылған құн салығы саудалық үстеме бағадан, яғни сату мен сатып алу бағасы арасындағы айырмадан төленді. Делдал-кәсіпорындар үстеме баға мен қосымша сыйақы арасындағы табыстан салық төледі. Сонымен

қатар құрылыс ұйымдары тапсырмаға алынған жұмыс құнынан салық төледі. Кейіннен сатып алынған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша қосылған құн салығы олар екі жыл қолданылғаннан кейін шегеруге рұқсат етілді. 1992 ж. Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарлар мен қызметтерге ҚҚС салынбағанын атап өткен жөн.

1995 ж. 1 шілдесінен бастап 2001 ж. 1 шілдесіне дейін ҚҚС үш түрлі мөлшерлемелері болды:

- барлық тауарлар мен қызметтер үшін – 20 %;
- азық-түлік тауарлары үшін – 10 %;
- экспортталатын тауарлар мен қызметтер үшін – 0 %.

2001 ж. 1 шілдесінен бастап салық мөлшерлемесі 16 % бастап 2009 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін 12 % төмендеді.

Тұтынуға жанама салықтардың әсерін төмендететін тәсілдердің бірі салық салудың төмен мөлшерлемелерін қолдану немесе салықтан толық босатуды белгілеу болып табылады. Шетелдерде кейбір тауарлар мен қызметтер үшін нөлдік ҚҚС ставкасы белгіленеді, мысалы, ғарыш қызметі саласындағы немесе кемелерді салуға кететін тауарлар. Сонымен бірге осы тауарлардың сатушысы қосылған құн салығын сатып алу құнынан шегеруге құқылы, бірақ сатылған тауарлардың құны бойынша төленетін салықты нақты есептемейді және бюджетке төленген ҚҚС қайтарып алуға мүмкіндігі бар. Бұл жағдайда нөлдік мөлшерлеменен алынатын қызметтердің тізімін кеңейте отырып, тежеудің айтарлықтай төмендеуіне қолжеткізуге болады. Тағы бір мысал — қалалық көліктерді жанама салықтардың қысымынан босату арқылы қалалық қоғамдық көлікпен жолаушыларды тасымалдайтын ұйымдарды қосылған құн салығынан босату. Өндірістік емес саланы дамытуға ықпал ететін мәдени мұра объектілерін сақтау бойынша жұмыстар қосылған құн салығынан босатылады. Сонымен бірге ҚҚС төмен мөлшерлемесі білім мен ғылымға байланысты кітап өнімдеріне қолданылады.

Осылайша, қосылған құн салығы Австрияда – 20 %, Бельгияда – 19, Данияда – 22, Францияда – 18,6, Германияда – 14, Норвегияда – 20, Швецияда – 23,5, Ұлыбританияда 15 % мөлшерінде алынады [10].

Қазіргі уақытта ҚҚС әкімшілігінің халықаралық тәжірибесінде жеңілдік мөлшерлемелерінің пайдасына негізгі дәлелдер, әдетте, тауарлар мен қызметтерді (кітаптар, газеттер, қоғамдық көліктер) тұтынуға ынталандыру қызметін қолдану, сондай-ақ кейбір тауарларға (дәрілер, азық-түлік, балалар киімі және т.б.) бағаны төмендету қасиетін енгізе отырып, әлеуметтік қызметті жүзеге асыру. Еуропалық одақтың салық жүйесін жетілдіру шеңберінде алдағы жылдары Одақ елдеріне қосылған құн салығының екі мөлшерлемесі қолданылатын болады: 4–9 % төмен мөлшерлеме және 9–19 % стандартты мөлшерлеме.

Қосылған құн салығы жанама салықтың ең ұтымды мысалы болып табылады. Оның жинау механизмі материалдық шығындарға салық салуды болдырмайды, сондықтан ҚҚС теориялық тұрғыдан алғанда жалпы және шекті шығындарға әсер етпейді. ҚҚС өндірісті тежемейді, сондай-ақ салық төлеушінің өндіріс қажеттіліктерін қамтамасыз ету кезінде төленген ҚҚС қайтаруды қамтамасыз етеді, нәтижесінде салықтың ауыртпашылық дәрежесін тауарды өндіріс үшін сатып алған сатып алушы емес, өз тұтынуына алған сатып алушы көтереді. Осыған байланысты теориялық тұрғыда ҚҚС өндіріске әсер етпейді, дегенмен тәжірибеде салық салудағы мөлшерлемелер мен тәртіптеріндегі айырмашылықтар қосылған құн салығын сұранысты ғана емес, сонымен қатар ұсынысты салықтық реттеу жөніндегі тиімді тетіктердің құрамына енгізеді.

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес қосылған құн салығын төлеушілеріне мыналар жатады [9]:

1. Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұрған мынадай тұлғалар:

- дара кәсіпкерлер;
- мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, резидент – заңды тұлғалар;
- қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын бейрезиденттер;
- сенімгерлікпен басқару құрылтайшыларымен не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушылармен сенімгерлікпен басқару шарттары бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымды жүзеге асыратын сенімгерлікпен басқарушылар;

2. Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды импорттаушы тұлғалар.

Қосылған құн салығының салық салу объектісіне жататындар:

- 1) алынатын айналым;
- 2) алынатын импорт.

Қазақстан Республикасының салық жүйесінде белгіленген салық түрлерінің әртүрлі түрінен, фискалдық тұрғыдан бес салық (корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, ҚҚС, акциздер) шешуші болып табылады. Олар Қазақстан Республикасындағы нарықтық қатынас механизмнің негізін құрған жылдар ішінде бюджеттің кірістерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Жанама салықтар экономикалық табиғаты, тәжірибе жүзінде жинақталған мақсаттар мен әдістері бойынша бірнеше маңызды сипаттамаларға ие болды. Осындай салықтардың мысалдары қосылған құн салығы (ҚҚС) акциздер болып табылады.

Бюджет кірістерін қалыптастырудағы жанама салықтардың рөлін бағалау үшін біз бұл салықтарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне түсу ерекшелігін талдаймыз.

2 - кесте


Жанама салықтардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің кірістеріндегі орны мен рөлі

млн теңге

Атауы	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Барлық кірістер, оның ішінде	7321277	7634805	9308485	11567691
Қосылған құн салығы	1198170	944438	1495682	1664699
Үлес салмағы, %	16,4	12,4	16,1	14,4
Акциздер	147057	161068	205231	255944
Үлес салмағы, %	2,0	2,1	2,2	2,2

Дереккөзі. Авторлармен [11] негізінде әзірленген.

Жоғарыдағы кестеде келтірілген деректерден мемлекеттік бюджеттің кірісінде қазіргі кезеңде қосылған құн салығы басым болған, ол 2014 ж. 16,4 % -дан 2017 ж. 14,4 %-ға дейін төмендеген. Дегенмен, бұл бюджеттің кірісіндегі ҚҚС-тың маңызды рөлі туралы айтуға мүмкіндік береді, себебі салықтың абсолютті сомасы 2014 ж. 1,1 трлн тг-ден 2017 жылға дейін 1,6 трлн тг-ге дейін артқан (сур. кара).



Сурет. Жанама салықтардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің кірістеріндегі үлес салмағы, %

Мемлекеттік бюджеттің кірісіндегі акциздердің үлесі тұрақты, шамамен 2 %. Акциздік салықтар көп жағдайда тартымды: олар өндірушілер мен кәсіпкерлер үшін іске асырылған кезде қайтарылады; және бюджет жүйесіне түсетін табыстың тұрақты көзі, жанама салықтар мен дифференциалдық мөлшерлемелердің жиынтығы болған кезде біз түрлі әлеуметтік топтардың кірістеріне салық салудың прогрессивті және әділ әдісін аламыз.

Жанама салықтар, оның ішінде ҚҚС, инфляцияның өсуі кезінде қолданылады, тікелей салықтарға қарағанда, бюджеттің сенімді кіріс көзі болып табылады. Жанама салықтар бағалық элементтерді қалыптастырумен көбірек түсіндіріледі және тұтастай бағадан алынып, бюджет жүйесіне тұрақты кіріс береді. Бюджеттік саясат дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыруға ғана емес, макроэкономикалық тұрақтылық пен мемлекеттік қаржының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталды.

Әлемдік тәжірибе жанама салықтардың үш негізгі түрін атап өтеді: айналымнан алынатын салық, қосылған құн салығы және сатудан түсетін салық. Қазіргі уақытта ең кең таралған салықтарға қосылған құн салығы мен сатудан түсетін салықты жатқызуға болады. Қазақстан Республикасының аумағында қосылған құн салығы жанама салықтың ең басты түрі ретінде қолданылады.

Көптеген зерттеушілер [12–16] қосылған құн салығының, сатудан түсетін салыққа қарағанда, келесі жағымды сипаттарын атап өтеді.

Біріншіден, ҚҚС кез келген өндіруші елге, өндіріс сатысына, өндіріс әдістеріне қатысты бейтараптық танытады. Сатудан түсетін салық өндіруші мен сатушы кәсіпорындарына тікелей тәуелді болып келеді.

Екіншіден, сатудан түсетін салыққа қарағанда, ҚҚС тұрақты жинау мүмкіншілігіне ие. Бұл тұрақтылықты ҚҚС төлеушілері, яғни, шикізатты өндіруден, тізбектің барлық сатыларынан және дайын өнімді сатумен айналысатын барлық заңды тұлғалар қамтамасыз етеді. Салық салудың тек соңғы сатысы (сату түсетін салық) болған кезде бұл мүмкіндік жоғалып кетеді, бұл салық төлеушілер тарапынан салықтық алаяқтық тәуекелін арттырады.

Үшіншіден, ҚҚС әдіснамасы салық салудың бұрын төленген басқа салықтардан босатылған тауарлардың қозғалысының келесі кезеңінде құрылған құндылықтың бір бөлігін ғана көздейді. Сатудан түсетін салықтың базасына сатудың барлық сатысында өндірілген өнімдердің (қызметтердің, жұмыстардың), сонымен бірге алдыңғы кезеңдерде есептелген және төленген салықтарды қосқандағы жалпы құны жатады.

Төртіншіден, әкелінетін тауарларға салынатын ҚҚС салықтарды жинауды бірінші кезекте оларды елге әкеледі және кедендік ресімдеу сатысында салықтарды жинауға мүмкіндік береді. Сатудан түсетін салық салықтарды жинауды соңғы тұтыну кезеңінде ғана қамтамасыз етеді, бұл уақыт аралығында кеден шекарасынан жеткілікті болуы мүмкін.

Бесіншіден, ҚҚС соңғы пайдаланушымен психологиялық тұрғыда оңайырақ болады, себебі өндіріс тізбегінде біркелкі таратылғандықтан, ол негізгі төлеуші болған және соңғы пайдаланушыны болып қалатын тікелей тұтынушыдан жасырылады. ҚҚС-тың сатудан түсетін салықтан айырмашылығы, тауарларды сатып алған кезде, қызметтерді төлегенде немесе орындалған жұмыстарды төлеген кезде тікелей салық төленеді, өйткені ол бөлек жолмен көрсетілуі тиіс.

Алтыншыдан, соңғы кезеңде салық жинау шоғырлануы халықтың және шағын кәсіпкерліктің салықтық жүктемесін арттырады. Мұнда тек ірі бизнес өкілдері ғана табыстылығын арттыра алады.

Сату түсетін салықпен салыстырғанда ҚҚС көрсетілген жағымды сипаттамалары толық емес. Зерттеушілер қосылған құн салығының тек негізгі және ең жиі қолданылатын қасиеттерін атап өткен. Әлбетте, біздің пікірімізше, қосылған құн салығының сату түсетін салықпен салыстырғанда тартымдылығы жоғары.

Қазақстан Республикасында ҚҚС орнына сату түсетін салықты енгізу кейінге шегерілуде. Дегенмен, ҚҚС базасының жоспарлы түрде кеңеюі, шағын бизнес өкілдерінің сатудан түсетін салықты енгізгенде салықтың қанша мөлшерінде төлеуге дайын екенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, орта және шағын бизнес субъектілерінің ҚҚС төлеушілерінің тізімдеріне енгізу оның тиімділігін көрсететін болады, бұл оның арасындағы салыстыруды және сатудан түсетін салықты таңдау кезінде соңғы дәлел болуы мүмкін. Яғни, ҚҚС базасының кеңеюі табыстылықты жоғарылатып, бюджеттің шығындарын қаншалықты салық қайтарымын өтеуден азайту басты мәселе болып келеді. Себебі, егер бұл шара қажетті нәтиже бермесе, ең алдымен, сатудан түсетін салыққа көшу қажеттілігі туындайды, өйткені, кем дегенде, шағын бизнес үшін қымбат тұратын несиелер / шегерімдер жүйесі жок.

Сонымен, қосылған құн салығының қазіргі мәселелерін қарастыра отырып, төмендегі қорытындылар жасауға болады:

– қосылған құн салығы жанама салықтың ең басты түрі бола отырып, салық тауардың мен қызметтің үстеме бағасынан немесе қосымша маржадан есептелінеді. ҚҚС әлемнің 160-тан астам елінде қолданылғанымен де, көптеген мемлекеттер алғашында салық жүйесіне ҚҚС енгізіп, кейіннен оның есептеу және төлеу тәртібінің күрделілігіне орай бастартты;

– Қазақстан Республикасы аумағында қосылған құн салығын 1991 ж. енгізу барысында, ол сатудан түсетін салық пен айналымнан алынатын салықты алмастырды және бюджет кірістерін толықтыру мақсатын көздеді. Салық мөлшерлемесі алғашында 28 % құрап, кейіннен 12 % дейін төмендеді. Мемлекеттік бюджеттің кірісінде қосылған құн салығы қазіргі кезеңде 15 % мөлшерінде болып келеді;

– қосылған құн салығының әкімшілендіру әдістеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, салықтың жалпы салықтық базасы бар, бұл табыстың салыстырмалы мөлшерін білдіреді. Елімізде қосылған құн салығының жетістіктеріне қарамастан, болашақта қосылған құн салығын реформалау немесе оны саудадан түсетін салықпен толығымен ауыстыру сұрақтары қарастырылып жатыр. Мұнда әрбір салықтың оң және теріс жақтарын (бөлшек сауданың айналымын, бюджет кірісінің мөлшерін, салық әкімшілігін және тағы басқаларды) анықтап алған жөн.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы. — 2015 ж. 30 қараша [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda.kz/kz/addresses/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2015-zhylygy-30-karasha>.
- 2 Что будет представлять из себя розничный налог в Казахстане [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://tengrinews.kz/private_finance/budet-predstavlyat-sebya-roznichnyiy-nalog-kazahstane-282729/
- 3 Впереди год напряженной работы по налоговой реформе [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://forbes.kz/process/businessmen/vpered_i_god_napryajennoj_raboty_i_po_nalogovoy_reforme
- 4 Тайбекулы А. Налоговая система Казахстана: решения и вызовы / А. Тайбекулы. — Алматы: Ин-т мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан, 2015. — 64 с.
- 5 Копылов Ю. Анализ и планирование НДС по операциям, не облагаемым НДС [Текст] / Ю. Копылов // Риск: ресурсы, информация, снабжение, конкуренция. — 2013. — № 1. — С. 281–284.
- 6 Замалетдинова Э.Н. Косвенные налоги в России и зарубежный опыт в области взимания косвенных налогов / Э.Н. Замалетдинова // Международный бухгалтерский учет. — 2011. — № 7. Доступ из справоч.-прав. системы «КонсультантПлюс».
- 7 Худяков А.И. Налог: понятие, элементы, установление и виды / А.И. Худяков, Н.Е. Наурызбаев. — Алматы: Баспа, 1998. — 160 с.
- 8 Ставки НДС в Республике Казахстан за 1995–2018 годы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://online.zakon.kz/document/?doc_id=31373748.
- 9 Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) от 25 декабря 2017 года № 121-VI (с изм. доп. от 24.05.2018 г.).
- 10 Воловик Е. Практика применения НДС и налога с продаж в зарубежных странах [Электронный ресурс] / Е. Воловик. — Режим доступа: <http://fingazeta.ru/discuss/49959>.
- 11 Отчет о выполнении государственного бюджета Республики Казахстан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous>.
- 12 Ильин А.В. Налог на добавленную стоимость: экономическая природа, проблема обоснованности возмещения и механизм ее решения [Текст] / А.В. Ильин // Финансы. — 2003. — № 7. — С. 32–37.
- 13 Сопоставление НДС и налога с продаж [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.klerk.ru/buh/articles/44916/>.
- 14 Аналитическая справка о правовом регулировании и о предложениях по совершенствованию налога на добавленную стоимость // IV Всерос. налоговый форум [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.nalogforum.ru/rabmaterials_11.html/.
- 15 НДС сменит налог с продаж? [Электронный ресурс] // Ведомости. — 13.03.2006. — № 42 (1569). — Режим доступа: http://www.ofdp.ru/news/_news130306at102212/full.shtml.
- 16 Корниенко Н.Ю. НДС и налог с продаж: доводы «за» и «против» / Н.Ю. Корниенко, М.С. Головнева [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.iep.ru/ru/kommentarii/nds-i-nalog-s-prodazh-dovody-za-i-protiv.html>.

Л.М. Аллахвердиева, А.Б. Тасмаганбетов, Г.Т. Кунуркульжаева, Ж.Ж. Байшукурова

Актуальные проблемы взимания налога на добавленную стоимость в современных условиях

В статье рассмотрена роль налога на добавленную стоимость в реализации налоговой политики Республики Казахстан. Авторами охарактеризованы дискуссионные вопросы замены налога на добавленную стоимость на налог с продаж. В статье приведен список государств, внедривших в свои налоговые системы налог на добавленную стоимость и в дальнейшем отказавшихся от его применения. Проанализирована история изменения ставок налога на добавленную стоимость в Республике Казахстан за 1992–2018 гг. Авторами статьи исследованы стимулирующие и социальные функции этого налога, применяемые в международной практике администрирования. Рассмотрен действующий механизм исчисления и уплаты налога на добавленную стоимость в Республике Казахстан. Для оценки роли косвенных налогов, в том числе налога на добавленную стоимость, в формировании доходов бюджета проанализировано поступление этих налогов в государственный бюджет РК. Авторами отмечено, что в мировой практике наибольшее распространение и применение среди косвенных налогов имеют два налога: налог на добавленную стоимость и налог с продаж. Определены положительные характеристики налога на добавленную стоимость по сравнению с налогом с продаж.

Ключевые слова: косвенный налог, налог на добавленную стоимость, налог с продаж, налоговая ставка, объекты налога, государственный бюджет, удельный вес.

L.M. Allahverdiyeva, A.B. Tasmaganbetov, G.T. Kunurkulzhayeva, Zh.Zh. Baishukurova

Actual problems of levying value added tax in modern conditions

The role of the value added tax in the implementation of the tax policy of the Republic of Kazakhstan is considered in the article. The authors described the discussion of the replacement of the value-added tax on sales tax. The article contains a list of states that have introduced into their tax systems value-added tax and subsequently refused to use it. The history of changes in the value added tax rates in the Republic of Kazakhstan for 1992–2018 is analyzed. The authors of the article investigated the stimulating and social functions of the value-added tax applied in the international practice of administration. The article considers the current mechanism of calculation and payment of value added tax in the Republic of Kazakhstan. To assess the role of indirect taxes, including the value-added tax in the formation of budget revenues, the receipt of these taxes into the state budget of the Republic of Kazakhstan is analyzed. The authors noted that in the world practice, the most widespread and applicable among indirect taxes are two taxes: value-added tax and sales tax. The article identifies the positive characteristics of the value-added tax in comparison with the sales tax.

Keywords: indirect tax, value added tax, sales tax, tax rate, tax objects, state budget, specific gravity.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaev «Kazakstan zhana zhahandyk ahualda: osim, reformalar, damu» atty Kazakstan halkyna Zholdaуy (2015, November 30) [Kazakhstan is in a new global situation: growth, reforms, development]. *akorda.kz*. Retrieved from <http://www.akorda.kz/kz/addresses/memleket-basshysy-nnazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdaуy-2015-zhylgy-30-karasha> [in Kazakh].
- 2 Chto budet predstavliat iz sebia roznichnyi naloh v Kazakhstane [What will be the retail tax in Kazakhstan]. *tengrinews.kz*. Retrieved http://tengrinews.kz/private_finance/budet-predstavlyat-sebya-roznichniy-nalog-kazahstane-282729/ [in Russian].
- 3 Vperedi hod napriazhennoi raboty po nalohovoi reforme [Ahead of a year of hard work on tax reform]. *forbes.kz*. Retrieved http://forbes.kz/process/businessmen/vpered_i_god_napryajennoy_raboty_po_nalohovoy_reforme [in Russian].
- 4 Tajbekuly, A. (2015). *Nalohovaiya sistema Kazakhstana [Tax system of Kazakhstan]*. Almaty: Institut mirovoi ekonomiki i politiki pri Fonde Pervoho Prezidenta Respubliki Kazakhstan [in Russian].
- 5 Kopylov, Ju. (2013). Analiz i planirovanie NDS po operatsiiam, ne oblaheym NDS [Analysis and planning of VAT on transactions not subject to VAT]. *Risk: resursy, informatsiya, snabzhenie, konkurentsia – Risk: resource, information, snobjenje, competition, 1*, 281–284 [in Russian].
- 6 Zamaletdinova, Je.N. (2011). Kosvennye nalohi v Rossii i zarubezhnyi opyt v oblasti vzimaniya kosvennykh nalohov [Indirect taxes in Russia and foreign experience in the collection of indirect taxes]. *Mezhdunarodnyi bukhgalterskii uchët – International Accounting, 7* [in Russian].
- 7 Hudjakov, A.I., & Nauryzbaev. N.E. (1998). *Naloh: poniatie, elementy, ustanovlenie i vidy [Tax: concept, elements, establishment and types]*. Almaty: Baspa [in Russian].
- 8 Stavki NDS v Respublike Kazakhstan za 1995–2018 hody [VAT rates in the Republic of Kazakhstan for 1995–2018]. *online.zakon.kz*. Retrieved http://online.zakon.kz/document/?doc_id=31373748 [in Russian].

9 Kodeks Respubliki Kazakhstan «O nalohakh i druhihkh obiazatelnykh platezhakh v biudzheth» (Nalohovyi kodeks) ot 25 dekabria 2017 hoda № 121-VI [Code of the Republic of Kazakhstan «On taxes and other mandatory payments to the budget» (Tax Code) of December 25, 2017 No. 121-VI]. [in Russian].

10 Volovik, E. Praktika primeneniia NDS i naloha s prodazh v zarubezhnykh stranakh [The practice of applying VAT and sales tax in foreign countries]. *fingazeta.ru*. Retrieved <http://fingazeta.ru/discuss/49959> [in Russian].

11 Otchet o vypolnenii gosudarstvennogo biudzheta Respubliki Kazakhstan [Report on the implementation of the state budget of the Republic of Kazakhstan]. *minfin.gov.kz*. Retrieved <http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous> [in Russian].

12 Il'in, A.V. (2003). Naloh na dobavleniiu stoimost: ekonomicheskaia priroda, problema obosnovannosti vozmeshcheniia i mekhanizm ee resheniia [Value-added tax: economic nature, the problem of justification of compensation and the mechanism for its solution]. *Finansy – Finances*, 7, 32–37 [in Russian].

13 Sopotavlenie NDS i naloha s prodazh [VAT and Sales Tax Comparison]. *klerk.ru*. Retrieved <http://www.klerk.ru/buh/articles/44916/> [in Russian].

14 Analiticheskaia spravka o pravovom rehulirovanii i o predlozheniiakh po sovershenstvovaniuu naloha na dobavleniiu stoimost [Analytical reference on legal regulation and proposals for improving the value added tax]. *IV Vserossiiskii nalohovyi forum – IV All-Russian Tax Forum*. Retrieved http://www.nalogforum.ru/rabmaterials_11.html/ [in Russian].

15 NDS smenit naloh s prodazh? [VAT will replace sales tax?] [Elektronnyj resurs]. *Vedomosti – Statements*, 13.03.2006, 42 (1569). Retrieved http://www.ofdp.ru/news/_news130306at102212/full.shtml [in Russian].

16 Kornienko, N.Ju., & Golovneva, M.S. NDS i naloh s prodazh: dovody «za» i «protiv» [VAT and sales tax: pros and cons] *iep.ru*. Retrieved <http://www.iep.ru/ru/kommentarii/nds-i-nalog-s-prodazh-dovody-za-i-protiv.html> [in Russian].